

8D014 - "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау" бағыты, 6D012000 - "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тастанбекова Нурсауле Джаксимаевнаның "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Нормативтік құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге талдау кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері мәселесін жетілдіруді қажет ететіндігін көрсеткен. Аталған мәселенің өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапқан: Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы; Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің Бұйрығы. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ережесі; ҚР президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында білім беру үдерісіне дуальды оқытуды енгізудің өзектілігі білім беру ісінде субективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.</p> <p>Осы маңызды құжаттардың ішінде, ҚР «Білім туралы» заңының 45-бабының 1 тармағында: «Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік білім беру жүйесінің қызметі нәтижелерін арттыруға, экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып кадрлар даярлығының деңгейіне қол жеткізуге, оқытудың өндіріспен байланысын, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу арқылы нығайтуға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын қоса алғанда, қосымша қаржыландыру көздерін тартуға бағдарланған» деп көрсетілген.</p> <p>Қазақстан Республикасы президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына арналған</p>

		<p>жолдауында Қ.К.Тоқаев: "Азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет.</p> <p>Сонымен бірге, біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанмыз жөн", - деп жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде мамандарды дайындауда еңбек нарығының сұраныстарын қанағаттандыратын білікті мамандарды дайындау қажеттілігі айтылған.</p> <p>Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен бағыттар "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" атты зерттеу тақырыбының өзектілігі мен өміршеңдігін одан әрі тереңдете түседі. Осыған байланысты Н.Д.Тастанбекованың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p>	
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-</p>	<p>Диссертациялық жұмыс "Инициативалық тақырып" меншікті қаржыландыру аясында № 0117РКИ0646 "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы орындалған Жобаны іске асыру жылдары 2017-2022 жж</p>

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде жоғары кәсіптік білім берудің педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі.</p> <p>Біріншіден, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері теориялық тұрғыдан негіздеу арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған;</p> <p>Екіншіден, білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын айқындау бойынша елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған;</p> <p>Үшіншіден, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған;</p> <p>Төртіншіден, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешені, білім алушыларға арналған "Дальды оқытудың теориясы мен әдістемесі" оқу құралы және "Дуальды оқытудың теориясы мен практика" элективті курсының әзірленуі ғылымға елеулі үлес қосады, оның практикалық маңыздылығын ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Докторант Н.Д.Тастанбекова диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған ақпараттар дербес, әрі түсінікті, мағыналы құрылымды сақтай келе өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік	4.1 Диссертация	Диссертацияның өзектілігінің

<p>принципі</p>	<p>өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>негіздемесі: - кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге қоғамдық сұраныстың өсуі мен білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми негіздерінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі арасында; - жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге жоғары талаптардың қойылуы мен оларды жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының нақтыланбауы; - кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің объективті қажеттілігі мен оны жүзеге асыруда әдістемелік кешеннің жеткіліксіздігі арасындағы қайшылықтарды шешу үшін ғылыми зерттеу мәселелерін шешу қажеттілігі негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты - жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және оқу-әдістемелік кешенін ұсынумен сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатын нақтылай келе, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді теориялық тұрғыда негіздеумен, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын айқындаумен, жоғары кәсіптік білім беру</p>

			жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделін дайындаумен, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешешін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берумен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері теориялық тұрғыда негізделген; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындалған; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешешін дайындау, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	Докторант Н.Д.Тастанбекованың диссертациялық жұмысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады. Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты

		<p>табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сәйкес жинақталған материалдарды сараптап, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселесін теориялық негіздері ашылғандықтан толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екінші ғылыми нәтижеге жетудегі ғылыми еңбектерді зерделеуде жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын айқындап мазмұндық сипаттама берілуі нәтиженің толығымен жаңа болып табылатынына дәлел.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы - үшінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешешін дайындау жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін толығымен жаңа деп санаймыз.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Н.Д. Тастанбекованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз.</p> <p>Бірінші қорытынды бойынша жоғары кәсіптік білім берудегі дуальды оқыту жағдайында кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындаудағы білім беру</p>

			<p>саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялардың даму бағдарламаларымен байланыста, диалектикалық ойлау арқылы философиялық, психологиялық және педагогикалық теорияларға тұжырым жасау және дүниежүзілік дуальды оқытудың іске асырылу мүмкіндіктерін талдау, аталған тақырып бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми-теориялық зерттеулер, жоғары кәсіптік білім беру жүйесі тәжірибесінде дуальды оқытудың мәнін, құрылымын анықтау толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екінші қорытынды бойынша докторант білімнің бірізділік және логикасын сақтай отырып жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарының анықталуы толығымен жаңа болады.</p> <p>Зерттеудің үшінші қорытындысы ретінде жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық модельдеудің негізінде түсініп танылады. Динамикалық - педагогикалық жүйе ретінде түзілген компоненттер: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік өлшемдері мен корсеткіштерінің, әдістері мен формаларының жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төмен, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылатын тұтас құрылым ретінде берілуі толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>Автордың диссертациялық жұмысындағы төртінші қорытындысы дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің арнайы элективті курс бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені және оқу құралының мазмұнынан дайындау толығымен жаңа болып саналады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Докторанттың ұсынған жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері жаңа және негізделген болып табылады.</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмысы барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған қорытындылар педагогика және жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағида	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Н.Д.Гастанбекованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған төрт қағида айтуға болады:</p> <p>1) Дуальды оқыту - жоғары оқу орны жағдайында кәсіби біліктілікті жетілдірудің мәні мен мазмұндық сипатына "дуальды оқыту", "кәсіби біліктілік" ұғымдарының философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі тұжырымдары мен қатар, автордың ұсынған анықтамалары берілумен дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және үш мақалада («Білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальді оқыту жағдайында жетілдірудің теориялық негіздері» //«Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал (2018); "Жоғары кәсіптік білім беруде дуальды оқытуды іске асырудың өзекті мәселелері" // «Сәкен оқулары – 14: жастар, ғылым, инновациялар: цифирландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция (Астана 2018); "Жүйелілік тұрғы негізінде дуальды оқытудың даму ерекшеліктері" // С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60</p>

жылдығына арналған «Сәкен оқулары – 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» (Астана 2017) дәлелденген.

2) дуальды оқыту жағдайындағы педагогикалық шарттар: болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын түсінуі және соған сәйкес тәжірибелік іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерлік, дағдыны меңгеру; білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісінде оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін (тренингтер, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар т.б.) өндіру; кәсіби біліктілікті жетілдіруде білім алушылардың теориялық білімін өндірісте тәжірибелік біліммен бекіту үшін өндірістің базасын ұтымды пайдалану; модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға әлеуметтік серіктестіктер мен кәсіпкерлер палатасының қатысу үлесін арттыру; білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін өндірісте жетілдіруге тікелей ат салысатын тәлімгерлерді кәсіби дайындау жүйесін дамыту; білім алушылардың бойында өзі таңдаған кәсібіне мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру жоғары кәсіптік білім жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді қамтамасыз ететіндігі дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қоланылу ауқымы кең және бір мақалада («Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары»// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы» (2018) дәлелденген.

3) Дуальды оқыту жағдайында жоғары кәсіптік білім жүйесі моделі білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық - мазмұндық моделінің педагогикалық жүйе ретінде компоненттері: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік өлшемдері мен көрсеткіштерінің, әдістері мен формаларының жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төмен, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылуы дәлелденген; тривиалды емес, жаңа алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және екі мақалада ("Кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту

			<p>жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін арттыру" // "Қазақ білім академиясының баяндамалары" "Жалпы педагогика. Педагогика және Білім тарихы. Этнопедагогика" сериясы. (2019); «Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің моделі» // «Ғалым-педагог 3.У.Имжарованың 60 жасқа толу мерейтойына арналған «Педагогикалық инновациялар заманауи білім беру жүйесін дамыту ресурсы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. (Ақтөбе 2019).</p> <p>4) Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделінің тиімділігі, арнайы элективті курс бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені және оқу құралының мазмұнынан түзіледі. Қағидат дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және бір мақалада (Development of Professional Skills in the Context of Higher School Dual Education// International Journal of Emerging Technologies in Learning. Vol 16, No 10 (2021) Page 179-193) дәлелденген.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;</p>	<p>Докторант Н.Д.Тастанбекованың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарды басшылыққа алады.</p> <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу нысаны ретінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісі алынған. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде оқытудың заманауи және белсенді әдістері мен репродуктивті оқыту әдістері пайдаланылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың</p>


		<p><u>2) жоқ</u></p>	<p>компьютерлік технологияларды қолдану деректерді өңдеу және интерпретациялау байқалмайды, бірақ жұмыстың маңыздылығы мен мәнін төмендетпейді, өйткені мақсаты мен міндеттері толық орындалған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Н.Д.Тастанбекованың "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері" тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына 70 білім алушы қатысқан. Эксперименттік топта "6M012000 - Кәсіптік оқыту" мамандығының 40 білім алушысы (С.Сейфуллина атындағы Қазақ агротехникалық университетінен) бақылау тобында "6M012000 - Кәсіптік оқыту" 30 білім алушы (Қазақ ұлттық аграрлық университетінен) қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқада ғылыми басылымдарда жарияланған. SCOPUS мәліметтері базасына енгізілген журналдарда - 2; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 4; Республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының материалдарында - 6 мақала жарық көрген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға</p>	<p>Диссертациялық зерттеу тақырыбы отандық және шетелдік авторлардың 169 әдебиет көздеріне шолу жасалған. Алынған</p>

		<u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңызыдылығы бар. Атап айтсақ: 1) жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері теориялық тұрғыда негізделген; 2) жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындалған; 3) жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған; 4) жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу-әдістемелік кешені жасалып оның тиімділігі тексерілді және ұсыныстар дайындалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Зерттеудің практикалық маңыздылығы: жоғары оқу орны білім алушыларына арналған «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсының бағдарламасы жасақталды және оның оқу-әдістемелік кешені дайындалып модульдік білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына енгізілді. Алынған практикалық нәтижелерді ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Тәжірибе ұсыныстары жаңа болып табылады: 1) ЖОО-да оқу жоспарына элективті пән ретінде құрастырған тандау курсы, сонымен қатар, зерттеу барысында жинақталған материалдарды пән мазмұнына енгізу ұсынысы толығымен жаңа; 2) Дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды өзге ЖОО-ның тәжірибесінде қолдануы ұсынысы толығымен жаңа; 3) Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында білім алушыларды кәсіби

			дайындау мәселелері бағытындағы жаңа зерттеулер жүргізу ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: 8D014 - "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау" бағыты, 6D012000 - "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша Тастанбекова Нурсауле Джаксибаевна философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент педагогика
ғылымдарының докторы,
М.Әуезова атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті,
Жаратылыстану ғылымдары және
педагогикасы жоғары мектебі,
«Кәсіптік оқыту» кафедрасының
профессоры



С.А.Жолдасбекова

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.А.Жолдасбекованың
қолын растаймын.

М.Әуезова атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің
Ғалым хатшысы




С. Қ. Досыбеков